

«Ступинка негізгі мектеп кітапханасының 2024-2025 оқу жылының есебі

Мектеп кітапханасы өз жұмысында нормативтік құжаттарды басшылыққа алады және жалпы мектеп жоспарының бөлімдеріне сүйене отырып, мектеп әкімшілігі бекіткен жоспар бойынша жұмыс істейді. Кітапхана қызметінің негізгі бағыттары:

- Білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты пайдаланушыларға кітапханалық-ақпараттық қызмет көрсету, олардың мемлекет кепілдік берген кітапхана-ақпараттық ресурстарды еркін және тегін пайдалану құқықтарын қамтамасыз ету арқылы жүзеге асыру.

- Бірыңғай ақпараттық-білім беру кеңістігін құру; кешенді ұйымдастыру пайдаланушылардың барлық санаттарына кітапханалық-ақпараттық қызмет көрсету, оларды қамтамасыз ету ақпаратқа, білімге, идеяларға, мәдени құндылықтарға еркін және қауіпсіз қол жеткізу.

Оқуға деген ынтаны, кітапты құрметтеуді дамыту. Оқырмандарды кітапты пайдалануға үйрету. Президент ұсынған «Оқуға құштар мектеп» жобасын ұйымдастыру арқылы оқырмандармен жұмыс жасау. Көркем әдебиеттермен кітап қорын толықтыру. Жаңа кітаптарға, мерзімді басылымдарға тұрақты ақпарат күндерін өткізу.

Кітапхана жұмысының міндеттері

1. Кітапхана өз қызметінде Қазақстан Республика үкіметінің кітапхана ісінің мәселелері жөніндегі шешімдерін, Білім министрінің бұйрықтарын және осы жоспарды басшылыққа алады.
 2. Кітапхана өз жұмысын педагогикалық ұйыммен бірлесіп атқарады.
 3. Оқырмандарға тез және сапалы қызмет көрсету.
 4. Қарыз кітапқа немқұрайлы қарайтын оқырмандармен жұмыс жүргізу.
 5. Оқулықтарды тексеру бойынша рейд жүргізу.
 6. Кітап қорының жинақталуын, есепке алынуын, орналастырып сақталуын ұйымдастыру.
 7. Кітапхананы қазіргі талапқа сай безендіріп, оқырмандармен белгіленген жоспар бойынша әдеби кеш, конференция, дөңгелек үстел, ақын-жазушылардың шығармашылық кештерін өткізу.
 8. Кітаппен өз бетінше жұмыс істеу жолдарын меңгерту, кітап арқылы ой-өрістерін, рухани жан дүниесін кеңейту, білімді парасатты азамат етіп тәрбиелеу.
- Мектебімізде берілген жоспарға сай міндет мақсаттарды ұштастыра отырып, оқушылармен жұмыстар жүргізіліп отырады. Мерекелік іс –шаралар, пікір сайыстар, және тағы басқа да жаңаша әдіс- тәсілдермен жұмыстар жасалынуда.

Мектебімізде «Оқуға құштар мектеп» жобасы іске асырылуда.

ЖОБАНЫҢ ҰРАНЫ:

БӘРІМІЗ ОҚИМЫЗ! БІРГЕ ОҚИМЫЗ! КЕЗ КЕЛГЕН ЖЕРДЕ ОҚИМЫЗ!

Мақсаты:

1. Оқушыларды кітап оқуға, оның ішінде ертегілерді оқуға шақыру, ертегілер арқылы жалпы рухани құндылықтарды бойларына сіңіру;
2. Кітап оқудың, оның ішінде ертегілерді оқудың маңызын ашу;
3. Кітап оқудың, оның ішінде ертегілерді насихаттау жолдарын көрсету.

Міндеттері:

- Кітап оқу дәстүрін жандандыру, кітап оқу –жеке тұлға дамуының күшті факторы екенін түсіндіру.
- Кітап мәселесін ата-аналармен және қоғаммен бірлесе қолға алу.
- Кітап оқу арқылы оқушылардың еркін ойлауына, көркем әдеби тілде сөйлеуіне, ой-өрісін дамытуға ықпал ету.

Мақсат міндеттерімізді алға тарта отырып жұмыстарды жоспарлап іске асырудамыз. Мектеп кітапханасында аптасына төрт күн оқушыларымызды жас деңгейіне қарай әр үлкен үзіліс кезінде кітап оқып, оқыған тақырыбында түсініктеме айтып қызықты жерлерін сипаттап, түсінбеген жерлерін ортаға салып, басқа да оқушылардың пікірін тыңдайды. Белгілі бір мерзім уақытында оқылған ертегілер, тарихи әңгімелер желісі бойынша театрланған қойылымдарға дайындалып көпшілікке сахналық кеш ұйымдастырылып өткізіледі. Сонымен қатар «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында көптеген іс шаралар атқарылуда. Оқушылардың кітап оқуға деген ынтасын арттыру, оның ішінде ертегілерді оқып, ертегілер арқылы жалпы рухани құндылықтарды бойларына сіңіруді мақсат ете отырып жұмыстар жүргізілуде. Білімге болашаққа деген дүниетанымдарын байыту үшін қызықты креативті идеялармен, оқыған кітаптарындағы әңгіме ертегілер бойынша тапсырмалар орындалатылады.

Жалпы кітап қоры-9894

Негізгі қоры- 8798

Оқулықтар-1096

Жоспарға сай өткізілген іс шаралар:

Қазақстан Республикасының Конституция күнін мерекелеу аясында мектеп кітапханасында мектеп кітапханашысы Рамазанова Д.З 5-9 сынып оқушыларына дөңгелек үстел ұйымдастырды. Кітапханашы оқушылармен тақырыпқа сай ақпараттармен бөлісіп пікір алмасты.

<https://www.facebook.com/share/p/oaXRrh8W4r2is1CD/>

ҚЫРКҮЙЕК Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айында келесі іс-шара өткізілді

5- қыркүйек Қазақстан халқы тілдері күні

Тіл мерекесіне орай «Тіл - ұлттың жаны» А. Байтұрсынов қазақтың түпқазығы тақырыбында 5-9 сыныптарға арналған буктрейлер, «Тіл тәуелсіздігі» деген көрмесі қойылды.

<https://www.facebook.com/share/p/Nh6BkJw7fbbszZPY/>

Отбасы күніне орай «Отбасы күні», кітап көрмесі қойылды.

<https://www.instagram.com/p/DBml8bstriz/?igsh=YTlqYmlwOW55aG04>

«Жаңа кітаптар топтамасы» ақпарат сағаттары, кітап көрмелері жаңа оқулықтарға көрме өткізілді.

<https://www.facebook.com/share/1HZCxH7RBf/>

ҚАЗАН – Тәуелсіздік және отаншылдық айы

Мектеп кітапханасында 1-қазан Қарттар күні мерекесі қарсаңында, дария көңіл ұлағатты асыл ата - апаларымызға көрме ұйымдастырылып көрсетілді.

<https://www.facebook.com/share/12Dq1sVQwhQ/>

Бердібек Соқпақбаев-100 жыл, бейнефильмдер көрсетілді.

<https://www.instagram.com/p/DBmjt7ANUce/?igsh=MWllczV0ajZmMXplMg>

14 қарашада "Ступинка НМ" КММ-де Д. З. Рамазанова "Өз құқықтарыңды біл" интеллектуалды - құқықтық ойынын өткізді. Мақсаты: оқушылардың міндеттемелерсіз құқықтар жоқ және құқықтарсыз міндеттер жоқ екендігі туралы хабардарлығын қалыптастыру; оқушылардың танымдық қызметін дамыту; балалардың құқықтық мәдениеті мен құқықтық санасын қалыптастыру.

<https://www.facebook.com/share/14cJjaxVMm/>

Ступинка негізгі мектебінде "Оқуға құштар мектеп" жобасы аясында бастауыш сынып оқушыларымен "Ертегілер елінде" атты сынып болып ертегі оқу марафонын ұйымдастырып өткізді.

<https://www.facebook.com/share/1B2Y8FCTmp/>

«25 қазан – Республика күні» патриоттық танымдық сағаты.

<https://www.instagram.com/p/DCWaVbft49q/?igsh=ZjFkYzZmMDQzZg==>

Жалпы қорытындылар мен ұсыныстар:

Мектеп кітапханасы жалпы білім беретін мекеменің оқу-тәрбие процесінде маңызды орын алады. Кітапхана барлық оқушылар үшін маңызды, себебі ол қажетті оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендермен қамтамасыз етеді, ақпараттық ресурстарға қолжетімділікті қамтамасыз етеді, балаларға ақпаратпен жұмыс істеуге кеңес береді және үйретеді, олардың оқу деңгейін және ақпараттық сауаттылығын арттырады. Мектеп кітапханасы мектеп қоғамдастығының барлық мүшелеріне: оқушыларға, мұғалімдерге, мектеп ұжымына қызмет көрсетеді.

Кітапхана өткізген барлық іс-шаралар мектеп оқушыларын әдеби, тарихи және толеранттылыққа тәрбиелеуге, патриоттық, адамгершілік, эстетикалық тәрбие беруге, кітап пен кітап оқудың тартымды бейнесін қалыптастыруға бағытталды.

- Балалар, көркем әдебиет, ғылыми-көпшілік, әдістемелік әдебиеттердің кітап қорын облыстық білім беру ұйымының бюджетінен толықтыру, «Буккроссинг» кітабын насихаттау, оқығандарыңызбен бөлісу арқылы оқушыларға да, мектептің педагогикалық ұжымына да қажет дос.

- Ақпараттың сапасы мен қолжетімділігін және пайдаланушыларға қызмет көрсету сапасын жақсарту бойынша жұмысты жалғастыру.

- Мектеп оқушылары арасында бұқаралық іс-шаралар өткізу арқылы кітапты насихаттау бойынша жұмыс түрлерін жетілдіру және кеңейту.